

КИНЭУ

BILIM BOSTANDYK ORKENDEU

ISSN 1684-9310

научно-
производственный
журнал

НАУКА

1 март
2015

Главный редактор
ИСМУРАТОВ С.Б. д.э.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)

Заместитель гл. редактора
МУРАТОВ А.А., к.с.-х.н.,
доцент, чл.корр.МААО
(г. Костанай)

Члены редколлегии:
АСТАФЬЕВ В.Л., д.т.н.,
профессор, академик,
член-корр. КАСХН
(г. Костанай)
БАЙМУХАМЕДОВ М.Ф., д.т.н.,
профессор (г. Костанай)
ВАШАКИДЗЕ А.А., д.т.н.,
профессор (г. Тбилиси)
ГОРШКОВ Ю.Г., д.т.н.,
профессор (г. Челябинск)
ДЕЙНЕГА В.В., к.т.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)
ЖУНУСОВ Б.Г., д.э.н.,
профессор (г. Кокшетау)
КЕНДЮХ И.Г., д.э.н.,
профессор (г. Петропавловск)
КОНДРАТОВ А.Ф., д.т.н.,
профессор (г. Новосибирск)
ЛАЗАРЕНКО В.Н., д.с.-х.н.,
профессор, академик МААО
(г. Троицк)
ПИОНТКОВСКИЙ В.И., д.в.н.,
профессор, академик МААО (г.
Костанай)
САЛАМАТОВ А.А., д.п.н.,
доцент, (г. Челябинск)
САТУБАЛДИН С.С., д.э.н.,
профессор, академик НАН РК
(г. Алматы)
СТЕЛЬМАХ В.В., к.мед.н.,
главный врач Костанайской
областной больницы
(г. Костанай)
ТРИФОНОВА М.Ф., д.с.-х.н.,
профессор, академик МААО
(г. Москва)
ШАЯХМЕТОВ Б.Д., д.э.н.,
профессор, академик МААО
(г. Костанай)

№ 1 (53)

СОДЕРЖАНИЕ

2015

**БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И НАУКИ ПО ТЕХНОЛОГИИ ПРОИЗВОДСТВА
И ПЕРЕРАБОТКИ ПРОДУКЦИИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО
ПРОИЗВОДСТВА**

- Онгарбаева Н., Нургожина Ж.К.* Қазақстанда өндірілетін тритикале дақылдың наубайханалық қабілетін зерттеу..... 5
Онгарбаева Н. Нургожина Ж. К. Кішігірім диірменде бидайдан сұрыптық ұн тартуда жармалық өнімдердің пайда болу үрдісін қарастыру..... 7
Кехтер И. В. Анализ сроков хранения творога в зависимости от упаковки..... 12

ОБЩЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ

- Кульбаева М.М.* Махамбет қолданысындағы көріктеу құралдарының қолданысы 16
Испандиярова А.Т. Көркем прозада ұлттық танымның берілуі 18
Абильбекова Б.Т. Фразеологизмдердің құрылымдық тұрақтылығы мен мағыналық сипаты..... 21
Товбин К.М. Религиозная гальванизация как постсекуляризация..... 24

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

- Vazarbekova D* Cognitive styles as a basis for student-centered learning a language... 29
Байспай Г.Б. Ғылыми білім беру кәсібін басқарудың ақпараттық жүйесі..... 34
Изембаева А.Е., Рахимова А., Инженерная педагогика – основа профессиональной подготовки инженеров..... 38
Себряева Н.С. Организация процесса обучения физической и коллоидной химии на основе кейс-метода 42
Себряева Н.С. Самостоятельная работа как основа повышения качества профессиональной подготовки студентов..... 47
Ельчибекова А.А., Сальжанова А.С., Курманова А.Ф. Квантово-химические исследования протолитической способности этилендиамина..... 51
Тенчурина Л.З. О проблемах профессионального образования и трудоустройства молодежи в малых городах..... 56
Постоян Т.Г. Содержательно-целевой аспект организации научно-образовательного центра подготовки кадров в структуре виноградарского кластера..... 59
Нурсейтова А. А. Көркем шығармалардағы мақал-мәтелдер лексикасының өзгерістері (а.байтұрсынов шығармалары бойынша)..... 63
Чернявская О.М., Мадин В.А Электронные ресурсы как средства обучения инновационной образовательной среды..... 66
Мукашева Р.А. С. Мұқанов прозасындағы эпитеттердің қолданылу ерекшеліктері..... 69
Сарманова Ф.Т. Жарнама тілі саласы қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады..... 72
Гладкова В. Н. Профессиональное самосовершенствование руководящего состава высших учебных заведений..... 74
Долженков О.А. Изучение юридических аспектов управления образовательным учреждением в структуре формирования правовой компетентности менеджеров образования..... 78
Бакенова М.Б., Дидактика e-learning: разработка дидактического дизайна..... 83
Шаматова Б.А. Халықтық педагогика – тәрбиенің қайнар бұлағы..... 87
Жақыпова Ғ.М., Иманғалиева Б.К., Оқапова М.И. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту..... 90

– проект можно создать и в ручном режиме (Manual Recording), самостоятельно определив, какие снимки экрана должны быть записаны и размещены на слайдах. Этот режим рекомендуется применять при необходимости продемонстрировать сложную и довольно продолжительную последовательность действий, поскольку он позволяет выбрать важнейшие этапы и записать в проект только соответствующие им снимки экрана.

С учетом того, что разработка содержательного наполнения образовательного ресурса очень трудоемкая и кропотливая работа, занимающая у преподавателей много времени, то использование специальных инструментальных средств и оболочек значительно экономит время разработки, обеспечивая при этом современный уровень функциональных и коммуникационных возможностей и пользовательского графического интерфейса, исключая многие ошибки начинающих разработчиков [4].

Список литературы:

1. Пономаренко, В.С. Возможности использования современных информационных и телекоммуникационных технологий в образовании / В. С. Пономаренко // Экономика розвитку. — 2011. - № 4 (52) - С. 86-88.
2. СТ РК 34.017-2005 «Электронное учебное издание».
3. Березовский, В.С. Создание электронных учебных ресурсов и онлайн-обучение / В. С. Березовский, И. В. Стеценко. — К.: Изд. группа ВHV, 2013. — 176 с.: ил.
4. Вахтина, Е. Дидактический дизайн системы обучения нового поколения / Е. Вахтина, А. Вострухин. Information Models of Knowledge ITHEA. - Kiev, Ukraine – Sofia, Bulgaria, 2010, ISBN 978-954-16-0048-1

С. МҰҚАНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭПИТЕТТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мукашева Р.А.

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
тілдік даярлау орталығының оқытушысы*

Бұл мақалада С. Мұқанов шығармаларындағы көріктеу құралдары, соның ішінде эпитеттің стильдік қызметі қарастырылады.

В данной статье рассматриваются средства художественной выразительности и, в частности, стилистическая роль эпитетов в произведениях С.Муканова.

In this article is described the means of artistic expression and, in particular, stylistic role of epithets in the works of S.Mukanov.

Эпитеттің зерттелу тарихы ертедегі грек ғалымдарынан бастау алған. Ұлы оқымыстылардың пайымдаулары басқа тілдерде эпитет жайындағы ілімнің ілгері дамуына әсер еткен. Қазақ тілінде эпитетке алғаш анықтама берген А.Байтұрсынұлы: «Көркейтудің жалпы сипатты жалғыз нәрсеге теліп айтқанда, я нәрседе болмайтын сипатты болатындай етіп айту. Асылында айқындау нәрсені я көркейтудің үшін айтылады, я лақаптау үшін айтылады», - деп жазады [1, 55].

Эпитет қандайда бір сөздің сапасын, белгісін білдіретін көркемдеуіш құрал болғандықтан оны айқындау деп те атайды.

«Эпитет- адамның, заттың, құбылыстың бір белгісін: сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмашылығы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдіреді. Эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп

(образды) көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың табиғи, қалыпты белгісі емес»[2,74].

Прозада жиі қолданылған көріктеуіш тәсілдердің бірі- эпитет. Эпитет кейіпкердің жан дүниесін ашуда, кескін-келбетін суреттеуде ерекше қызмет атқарады. Портрет пен оның детальдарын жасау, кейіпкерге мінездеме беру, кейіпкердің ішкі сезімдерін, көңіл-күйін бейнелеу үшін, сөз ажарын көркейтпін, ойды кемел жеткізу үшін жазушы эпитеттерге сүйенеді.

Жазушылар, ақындар шығармаларында эпитеттер мол кездеседі. С.Мұқановтың қай шығармасы болмасын тұнып тұрған сөз маржандары яғни эпитетке өте бай. Бұл, әрине, жазушының тамыры тереңге кеткен үлкен бәйтерек- сөз зергері екенін дәлелдей түседі.

«Эпитетті қолданғанда, жазушылар жай қолдана салмайды. Белгілі мақсатпен қолданады. Жазушының қолданған эпитеттері суреттеген нәрсесіне өзінің қатынасын көрсетеді»[3,85].

Автордың эпитетті қолданудағы мақсаттарының бірі- табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды, жеке құбылыстар мен заттарды оқушы сезіміне әсер етерліктей етіп беру. Мысалы, «Біздің араның аспанына бұлт үйірілудің қызық бір бейнесі бар: күндіз *айнадай жарқыраған ап-ашық аспанға*, ойда жоқта, үлкендігі тоқымдай ғана *әппақ бұлт* пайда болатын да, біртіндеп қоңырлана бастаған ол, үрген қуықтай кеңі беретін; сол бір шақта, сол бұлттың ұранына үн қосқандай, *көкжиектің әр тұсына қылтия қалған кішкене көлемді ақша бұлттардың бәрі, әлгі қоңыр бұлтқа* беттей көшіп, лезде бәрі тұтасатын да, аспанды тұтасымен бүркейтін де кететін; кейде оның арты не *сұрапыл дауылға*, не *нәсер жауынға* айналып, кейбір шақта, суық түспен екпіндей көшін қана, әлдеқайда ауып кетіп тиыш болатын»(4, 28- б).

Жазушы романдарында табиғат көріністерін (пейзаж) беру мақсатында қолданылған эпитеттерді мезгілге, қалыпты күйіне қарай жіктеп көрсетуге болады.

а) Мезгілдік мағынаны білдіретін эпитеттер: *Өттей қараңғы түн, бұлыңғыр аспан, айлы таң, қара көлеңке ымырт*, т.б.

ә) Қалыпты табиғатты білдіретін эпитеттер: *аспанды қоршаған бұлт, ұйтқыған боран, күндізгі көгілдір аспан, дымқыл ауа, қоңыр күңгірт сәуле, суық төңірек, нәзік тыныштық, ай нұрына жарқыраған әппақ қар*, т.б.

б) Қозғалыстағы (динамикалық күйдегі) табиғат құбылыстарын білдіретін эпитеттер: *Демін ышқына ала соққан сұрапыл жел, үйілген қар, гулеген боран, қоңыр жел, сұрапыл дауыл, нәзік самал, жаяу борасын, қою бұйра түтін, ұлыған боран, жаяу борасын*.

Жазушы эпитетті кейіпкердің бейнесін, сыртқы көрінісін, портретін жасауда кеңінен қолданған. Мысалы, Ол- жасы со кезде елулерге келген, *қысқалау қою қара сақалды, жіңішкелеу ұзын қара мұртты қараторы кескінді, кертештеу мұрынды, қалың қабақты, бойшаң таразы денелі, ұзын мойынды кісі*. (5, 176-б) .

С.Мұқанов эпитеттерді кейіпкер бейнесін сомдауда жиі қолданған. Мысалы, «Бірақ кескін-кейпі, киім – кешегі бүгінгідей көз алдымда *орта бойлы, еңкектеу толық денелі, қоңыр өңді, жалпақтау бетті, тарлау маңдайлы; түп жағы батыңқылау, ұш жағы жуандау, танауы кеңдеу мұрынды, шүңіректеу, кішілеу, ойнақылау қара көзді, қалыңдау ерінді*, оның үстіне жағына етегін қырқып, жұқалау мұрт қойған, *жалпақтау, сиректеу тісті* »(4, 34- б.)

С.Мұқанов эпитетті, әсіресе, әйел портретін жасауда ұтымды қолданған. Мысалы, Қиссаны көп оқыған және ғашықтық қиссаларда талай сұлулардың сипатын кездестірген, солардың ішінде перінің не хор қыздарының сұлу сипаттарын оқыған маған, мынау әйелдің қасында олардың бәрі сұлу емес сияқтанды ...Соның *дөңгелене біткен әппақ, жұп-жұқа бетіне*, маңдайдан тура түскен *тіп-тік қыр мұрнына, үлбіреген жұқа еріндері мен оймақтай аузына, ұзындау біткен әппақ мойнына, тостағандай мөлдір қара көзіне*,

қайқая біткен ұзын қара кірпігіне, қиыла біткен қою қара қасына, кең маңдайына, дене құрылысы да лайықталып жаралған сияқты: орта бойлы, кең кеуделі, тар мықынды, тіп-тік әдемі дене! (5, 197-б).

Жазушы шығармаларында қолданылған эпитеттердің анықтауыштық сипатына қарай жеке-жеке дене мүшелерінің қатысы тұрғысынан жіктеп, олардың тіркесу жиілігін анықтауға болады.

а) Адамның бет пішінін сипаттайтын эпитеттер:

Көз: томпақ қара көз, мөлдір қара көз, ойнақылау қара көз, тостағандай мөлдір қара көз, шүңіректеу, кішілеу, үлкен дөңгелек қара көз

Жүз: дөңгелек жүзді, әдемі жүз, қара күрең майлы жүз т.б.

Өң: құлпырған ашаң өң, қоңыр өңді, қызыл шырай өңді, сұр өң, құба өңді, сарғылттау сұр өң т.б.

Бет : дөңгелене біткен аппақ бет, жұп-жұқа бет, қушықтау келген бет, шырайлы бет, моңғолдау жалпақ бет, қарасұр ашаң бет т.б.

Ерін: үлбіреген жұқа ерін, қалыңдау ерінді, салпы ерін т.б.

Мұрын: әдемі қыр мұрын, кертештеу мұрынды, танауы кеңдеу мұрынды, имектеу қыр мұрын, қолағаштай мұрын, май мұрынды, дөңестеу мұрынды т.б.

Шаш : толқынды қара шаш, қоңыр шаш т.б.

Мойын : ұзындау біткен аппақ мойын, бықырайған қысқа мойын, сидиған арық мойын

Қабақ (қас) : қиғаш қара қас, қиыла біткен қою қара қас, қалың қабақты т.б.

Маңдай (шеке) : тарлау маңдайлы, кең маңдайлы т.б.

Ауыз : оймақ ауыз, бүрілген оймақ ауыз т.б.

Дене: толық денелі, талдырмаш, тар мықынды, тіп-тік әдемі дене, ықшам жеңіл денелі, имеген нәзік дене, арық дене, балуан денелі т.б.

Автордың сөз қолданыс ерекшелігінің бірі – адам портретін жасауға қатысатын эпитеттердің ішінде «көз», «жүз», «өң», «ерін», «дене» сөздерімен тіркесетін сөздерді көп қолдануы. С.Мұқанов эпитеттерді мынадай мақсаттарда қолданған: табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды, жеке құбылыстар мен заттарды оқушы сезіміне әсер етерліктей етіп беру үшін; кейіпкердің бейнесін, сыртқы көрінісін, портретін жасауда; кейіпкерлерін мінездеуде.

Қорыта айтқанда, С.Мұқанов прозаларындағы эпитеттер айтылған ойды құбылта төгілткен, шығарма шырайына көрік беріп, әр сөзге ажар дарытуымен ерекшеленеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынов Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – (Құрастырушылар: Шәріпов Ә., Дәуітов С) Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, Жазушы, 1984.
3. Р.Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі» Алматы, 1995, Санат, 244 б
4. С.Мұқанов. «Өмір мектебі» Алматы, 1972
5. С.Мұқанов «Мөлдір махаббат» Алматы, 1972